

10. Britain forward not back. The Labour Party Manifesto. London, 2005. 112 p.

11. New Labour. Because Britain Deserves Better. The Labour Party Manifesto. London, 1997 // URL: <http://labour.org.uk>

12. Liberty and Security – Striking the Right Balance. Paper by the UK Presidency of the European Union. 07/09/2005 // URL: <http://www.eu2005.gov.uk>

\* \* \*

The article is devoted the main aspects of continental policy of the Great Britain in European Union. The author analyzing the role of Great Britain in European integration.

\* \* \*

Бұл мақалада Ұлыбританияның Еуропа Одағындағы негізгі құрылықтық саясаты қарастырылады. Автор Ұлыбританияның Еуропалық интеграциядағы роліне талдау жасайды.

*Б.М. Балаубаева, М. Есбаева*

## РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЛАҢКЕСТІКПЕН КҮРЕС ЖҮЙЕСІ

Ресей Федерациясында лаңкестікпен күрес стратегиясының негізгі мақсаты – лаңкестік қауіпінен азаматтарды, қоғамды және мемлекетті лаңкестік акциялардың алдын алу және зардаптарын қысқарту. Осы мақсаттағы көздегені ұлттық және халықаралық деңгейде лаңкестікпен күресу пен оған қарсы тұру күштері мен құралдарын біріктіретін, Ресей территориясына және Ресей қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін лаңкестік ұйымдар әрекет ететін басқа мемлекеттер территориясында оның қоғамға қауіпті салдарын азайту және жоюды қамтитын және лаңкестіктің туындау себептерін жою бойынша жағдайлар жасайтын тиімді жүйе қалыптастыру еді.

Мемлекеттік лаңкестікке қарсы тұру жүйесінің негізі – лаңкестік акцияларды анықтау, ескерту, жолын кесу бойынша барабар шараларды қамтитын бірегей мемлекеттік дағдарыстық жағдайларды басқару және лаңкестік актілердің алдын алу және жолын кесу бойынша атқарушы биліктің федералды органдарының қызметін координациялау болып табылады.

2000 жылдың 10 қаңтарында Ресей Федерациясының Президенті жарлығымен бекітілген Ұлттық қауіпсіздік концепциясында мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруші фактор ретінде лаңкестіктің енгізілгені кездейсоқ емес. Экстремистік ұйымдар мен топтардың іс-әрекеттері қазіргі кезде Ресейдегі әлеуметтік-саяси жағдайды тұрақсыздандыратын елеулі фактор болып қала беруде және мемлекеттің конституциялық қауіпсіздігі мен территориялық біртұтастығына нұқсан келтіретін ірі мәселе болып табылады.

Лаңкестік зардаптарының елде артуына байланысты, онымен күресу мәселесі қазіргі кездегі Ресейдің қауіпсіздігіндегі үлкен басымдылық.

Осы тұрғыда, атаулы мәселемен тиімді күресу үшін оның мағынасын дұрыс түсінген де маңызды. Әлем қауымдастығында, Ресей Федерациясында лаңкестік туралы анықтамасында едәуір айырмашылықтар бар. «Лаңкестік» ұғымындағы түрлі көзқарастар, аймақтар ерекшелігімен, ұлттық және тарихи дәстүрлермен, демократия деңгейімен, мемлекеттегі саяси жағдайдың тұрақтылық деңгейімен, заң мектептерінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Лаңкестік пен экстремизм көріністерінің формаларының, акцияны орындауының мотивтері мен мақсаттарының көп түрлілігінен лаңкестіктің жүзден астам анықтамасы мен ондаған классификациясы жасалған. «Лаңкестік» сөзінің этимологиясы (лат. terror) «үрей» дегенді білдіреді және зорлық-зомбылық шараларымен қорқыту, қысым жасау мағынасын меңзейді. Ендеше лаңкестік – өз мақсаттарына жету үшін қатал әдістерді қолдану арқылы мемлекет құрылымына іріткі салуға, қоғамды қорқыту мен қоғамды моральдық азғындауға бағытталған және мотивацияланған зорлықты пайдалану әдісі болып табылады [1].

Ал Ресей Федерациясының лаңкестік бойынша негізгі нормативтік құжаты болып табылатын 2006 жылғы «Лаңкестікке қарсы тұру туралы» Федералды заңына сәйкес, «Лаңкестік – халықты қорқытумен және басқа да заңға қайшы жәбірлеумен байланысты зорлық-зомбылық идеологиясы және мемлекеттік билік органдарына, жергілікті басқару органдарына немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету тәжірибесі. Ал лаңкестік акт – мемлекеттік билік органдарына, жергілікті басқару органдарына немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету

мақсатында жарылыс, өртеу және басқа да халықты үрейлендіруге байланысты, адам өліміне алып келетін, айтарлықтай үлкен мүлдік залал келтіретін немесе экологиялық апатқа және т.б. аса ауыр зардаптарға ұшырататын әрекет» [2].

Лаңкестіктің соңғы жылдары Ресей территориясында жиіленіп, әкелген адам, қаржы шығындары онымен нақты күресу қажеттілігін тағы да дәлелдеді. Ресей Федерациясындағы лаңкестіктің негізгі орталығы болып отырған Солтүстік Кавказдағы тұрақсыз жағдай мен аймақтағы лаңкестік құрылымдар бүкіл Ресейге зиянын тигізеді. Халық арасында этникалық, ұлттық жіктердің пайда болуына әкеліп соқтырды. Ал ұлттық, діни, этникалық қатынастардың Ресей Федерациясы сияқты көпұлтты мемлекетте шиеленісуі оның территориялық тұтастығына, әлеуметтік, экономикалық-саяси тұрақтылығына нұқсан келтіретіні рас. Бесландағы оқиға, Норд-Ост, өткен жылы орын алған Домодедово әуежайындағы лаңкестік акт жүздеген адам өліміне алып келді. Бұл әрине, ел территориясында лаңкестіктің аса ірі қауіп екендігін растайды. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ел территориясында лаңкестерді жоюдың өзекті мәселе екені ақиқат. Осы тұрғыда Ресей Федерациясының лаңкестікпен күреске ерекше мән беруінің қажеттілігін түсіндіруге болады.

Ресей Федерациясында лаңкестікпен күресу мәселесінде Жалпы мемлекеттік деңгейде лаңкестікке қарсы тұру жүйесі қалыптасқан. Аталмыш жүйе – заңдармен бекітілген және заңдардың негізінде шығарылған нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес өз құзыреттерінің шеңберінде лаңкестік қауіптеріне қарсы тұратын, олармен күресетін, лаңкестік қауіптердің алдын алу бойынша іс-шаралар кешенін жасап, лаңкестік іс-әрекеттерді анықтау, ескерту және болдырмауға әрекет ететін, олардың салдарынан болуы мүмкін зардаптарын азайтатын және жоятын ұйымдасқан құрылымдар (лаңкестікке қарсы тұру субъектілер) жиынтығы болып табылады.

Лаңкестік көріністерімен күресудің формалары мен әдіс-тәсілдері лаңкестіктің күрделі әлеуметтік-саяси және әскери сипатымен анықталады.

Жүйе субъектілерін мемлекеттік биліктің федералды органдары, Ресей Федерациясы субъектілерінің атқарушы билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар құрайды.

Ресей Федерациясының Конституциясына және федералды заңнамаға сәйкес, Ресей Федерациясының Президенті лаңкестікке қарсы тұру

саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды, лаңкестікпен күресетін атқарушы биліктің федералды органдарының құзыреттерін белгілейді, Ресейге қарсы бағытталған лаңкестік іс-әрекеттермен күресу үшін Ресей Федерациясының территориясынан тыс жерлерде Ресей Федерациясының Қарулы күштерін белгіленген тәртіп бойынша қолдану туралы шешім қабылдайды.

Ресей Федерациясының Федералды Жиналысы лаңкестікпен күрестің заңнамалық негізін федералды деңгейде қалыптастырады.

Ресей Федерациясының Үкіметі лаңкестікпен күрес саласында атқарушы биліктің федералды органдарының құзыреттерін белгілеп, лаңкестікті ескерту, оның зардаптарын азайту және жою бойынша іс-шараларды жасайды және жүзеге асырады, қажетті күштермен, құралдармен және ресурстармен атқарушы биліктің федералды органдарын, Ресей Федерациясының субъектілерінің атқарушы биліктерінің органдарын, лаңкестікке қарсы жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Атқарушы биліктің федералды органдары өз құзыреттерінің шеңберінде лаңкестікке қарсы іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

Ресей Федерациясының субъектілерінің атқарушы билік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз құзырларының шеңберінде Ресей Федерациясының субъектісінің территориясында лаңкестіктің алдын алу және оның зардаптарының салдарын азайту мен жоюға бағытталған әрекеттерді ұйымдастырады [3].

Шетелдегі ресейлік азаматтар мен мекемелерге, соның ішінде маңызды мемлекеттік және әскери объектілерге бағытталған лаңкестік қауіпке қарсы тұру үшін, лаңкестік актілер қатерлері бойынша әрекеттер ұйымдастырып және өткізу үшін дипломатиялық өкілдіктер тұсында дағдарыстық штабтар құрылады. Заңнамаға сәйкес, жаңа лаңкестік қауіптер туындаған жағдайда лаңкестікке қарсы тұру бойынша басқа да құрылымдар құрылуы мүмкін.

Жалпы мемлекеттік лаңкестікке қарсы тұру жүйесі тиімді болуы үшін кәсіпорындардың, мекемелердің, сонымен қатар азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтық қоғамның басқа да институттарының ұдайы және белсенді түрде лаңкестікке қарсы тұруға қатысуы мен олардың әрекеттерінің осы жүйе субъектілерімен координациялануы қажет.

Қазіргі кезде Ресей Федерациясы жоғарыда айтылған жүйеге сүйеніп лаңкестікпен күрес жүргізуде. Кез келген жүйе өзара байланысты

элементтерден тұратын күрделі механизм. Ол дұрыс жұмыс істеуі үшін әрбір элементінің ортақ мақсатқа жету жолындағы өз міндеттемелері болуы қажет. Осы сияқты лаңкестікпен күрес жүйесінің де әр субъектісінің өз міндеттері бар. Осы жүйе қалай қызмет ететінін түсіну үшін, оларға жүктелген негізгі міндеттерге тоқталу қажет.

Федералды қауіпсіздік қызметі лаңкестік әрекеттердің жолын кесу бойынша шаралар өткізетін, лаңкестікпен күресті лаңкестік сипаттағы қылмыстарды, сонымен қатар халықаралық лаңкестік әрекеттерді ескерту, анықтау және жолын кесу арқылы жүзеге асыратын негізгі субъект. Қылмыстық-процессуалды заңнамаға сәйкес, осындай қылмыстарға қатысты істерді алдын ала тергейді. Төмендегідей міндеттерді атқарады:

1. Лаңкестік топтар мен жеке лаңкестерді анықтау;
2. Лаңкестік топтар мен жеке лаңкестердің әрекеттерін ескерту;
3. Заңсыз әскери құрылымдар мен бандалық құрылымдарды қарусыздандыру, әрекеттерін тоқтату;
4. Заңсыз құрылымдар басшыларын анықтап, олардың әрекеттерін тоқтатып, қамауға алу;
5. Заңсыз әскери құрылымдарды, үлкен масштабты жасырын қоймаларды қарусыздандыру;
6. Лаңкестік ұйымдар іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін жасырын кәсіпорындарды анықтау және жою;
7. Лаңкестік ұйымдар мен топтарға арналған қару-жарақтарды, материалды, техникалық, қаржылық қажеттіліктерді тоқтатып, жою;
8. Өз құзыреті шеңберінде лаңкестік талпыныстардан объектілерді қорғауға қатысу;
9. Лаңкестермен тұтқындыққа алынған адамдарды босату;
10. Лаңкестермен жауланған РФ мемлекеттік билік органдарының ғимараттарын, Ресей территориясындағы шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктерін, шетелдік және халықаралық ұйымдар өкілдіктерін босату;
11. Стратегиялық объектілерде лаңкестік акциялардың жолын кесу;
12. Мемлекеттік қорғаудағы лауазымды тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
13. Оперативті құрам мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, лаңкестік құрылымдар мен жеке лаңкестердің қауіпінен сақтау;
14. Қауіпсіздік органдарымен құпия серіктес

болған тұлғалар мен олардың жанұясының физикалық қауіпсіздігін, сонымен қатар лаңкестік сипаттағы қылмыстық істер бойынша қылмыстық үрдістерге қатысатын куәгерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету [4].

Федералды қауіпсіздік қызметінің (ФҚК) осы міндеттерді атқаруға бағытталған әрекеттерін саралайтын болсақ, 2010 жылы 25 қыркүйекте Солтүстік Кавказдық федералды округте ФҚК қызметкерлерімен Ингушетия Республикасында әрекет ететін «Имарат Кавказ» заңсыз әскери құрылымының басшысының бірі Исса Лоханович Хашагульгов қолға түсірілді. Осының алдында «Кавказ Имаратының әскери әмірі» Али Мусаевич Тазиев тұтқындалған болатын. Қазіргі кезде осы екі лаңкестердің қылмыстық істері тергеу бөлімінде.

Ұлттық антитеррористік комитет хабарлауынша, осы жылы Дағыстан Республикасының оперативті штабының оперативті-іздеу шаралары барысында Махачкала қаласында Ресей Федерациясының орталық бөлігінде өлімші-әйелдерді қолданатын лаңкестік акт дайындалып жатыр деген ақпарат алынды. Қауіпсіздік органдары мен тәртіп сақтау күштерінің белсенді жұмыстары осы топтың нақты дислокациясын (орналасуын) анықтайды. ФҚК мен ПМ бөлімшелерінің нақты әрі уақытылы әрекеттерінің нәтижесінде, үйлердің біреуінде 15-29 жас аралығындағы 6 әйелді ұстады. Тұтқындалған әйелдердің төртеуі осыған дейін залалсыздандырылған астыртын бандиттік құрылым жетекшілерінің жесір әйелдері, екеуі қару сақтағандары үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылылып, жоғалып кеткендер қатарындағы әйелдер болған. Үйден қару-жарақ, шахид белбеулері, бет-әлпетті өзгертетін заттар, құқық қорғау органдарының көліктерінің нөмірлері жазылған дәптер, джихад туралы діни әдебиет, т.б. табылды. Бұл атқарылған жұмыс елде болуы мүмкін өте қатерлі лаңкестік оқиғалардың алдын алуына өзінің үлкен септігін тигізгендігі анық.

2009 жылдың 19-25 шілде аралығында Шешенстан Республикасының территориясында Шешенстан Республикасы бойынша Ресейдің Федералды қауіпсіздік қызметі басқармасымен жергілікті ПМ қолдауымен Иса Изерхановтың бандалық тобы бойынша әрекеттер жасалды. Изерханов лаңкестік қызметі пен қамалған орнынан қашқаны үшін федералды іздеуде болған. Тартыс нәтижесінде бандалық топтың барлық мүшелері өлтірілді.

ФҚК міндеттерінің бірі болып табылатын лаңкестіктің жолын кесу бойынша жасаған

операциясының бірі 2009 жылдың 22 сәуірінде РФ ПМ көмегімен Кабардино-Балкария Республикасындағы Зейтун Султановтың және Алим Бозиевтің қылмыстық тобы әскери қақтығыс нәтижесінде жойылды.

ФҚК шеңберінде Солтүстік Кавказда және олардың шетелдегі эмиссарларында әрекет ететін бандылық құрылымдар мен олардың жетекшілерінің лаңкестік әрекеттерінің жолын кесуге бағытталған оперативті-іздеу іс-шаралары нәтижесінде Ресей территориясында Ахмед Закаевпен басқарылатын «Шешендік Ичкерия Республикасы (ШИР) Үкіметінің» қызметінің жанданғаны жайлы анық ақпарат алынады. А.Закаев бұйрығы арқылы А. Явмерзаев басқаруымен «ШИР Қарулы күштері» құрылады. А.Явмерзаевке көмек көрсету үшін 2008 жылы Ресей территориясына жасырын қылмыстық құрылымның әскери және діни мүшесі И.Хадиев кіргізіледі. Басшысының өте қауіпті болғанын ескеріп, 17 қаңтарда РФ ПМ бірге жоспар құрылып, арнайы операция нәтижесінде И.Хадиев өлтірілді.

Сол жылы 24 қаңтарда РФ ФҚК Ингушетия Республикасының Назрань қаласында құқық қорғау органдарына бірнеше шабуыл жасаған Руслан Ужахов тобын тұтқындау бойынша оперативті-әскери шара жоспарланып, жүзеге асырылды.

Сондай-ақ РФ ФҚК мен Дағыстан Республикасының ПМ-мен Махачкала қаласының ауылында Шейхулаев Омар мен тағы үш содыр жойылды.

Осы сияқты іс-шаралар тұрақсыз аймақтарда жасалып жатыр. Әрине, барлық лаңкестіктер қолға түсіріліп, барлық лаңкестік актілердің алды алынып жатқан жоқ. Бірақ, осы шаралардан ФҚК өз міндеттерін орындау мақсатында әрекеттерге барып жатқандығын көріп отырмыз. Сонымен қатар, ФҚК мен ПМ лаңкестікпен күрес жүйесінің субъектілері ретінде бірге тығыз ықпалдасып, біршама жетістіктерге жетіп жатқандығы да осыдан көрініп тұр [5].

Лаңкестікпен күрес бойынша Федералды қауіпсіздік қызметінде өте маңызды болып саналатын Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі лаңкестікпен келесі міндеттерді атқара отырып күреседі:

- Антитеррористік сипаттағы профилактикалық кешенді шаралар ұйымдастырып жүзеге асырады, соның ішінде лаңкестік топтарға келетін қаржы көздерін, қаруларды, жарылғыш заттарды және басқа да қауіпті құрал-жабдықтардың каналдарын жауып тастау бойынша әрекет етеді;

- Антитеррористік қызмет субъектілерімен өзара әрекеттесуін ұйымдастырады;

- Ішкі істер органдарының күшімен лаңкестік сипаттағы қылмыстардың дайындалуы мен жүзеге асуына ықпал ететін себептерді анықтайды және жояды;

- Лаңкестік сипаттағы қылмыстарды ескерту бойынша Ішкі істер органдарының жоспарларын жасап, жүзеге асырады;

- Лаңкестік сипаттағы қылмыс жасаған және тергеу мен сотқа бағынбайтын тұлғаларға іздеу салуды ұйымдастырады;

- Лаңкестік сипаттағы қылмыстармен күрес шаралары жөнінде халықты және Бұқаралық ақпарат құралдарын хабардар етеді [4. 66-б.].

Осы міндеттерді орындау жолында ПМ көптеген іс-шараларды жүзеге асыруда. Мәселен, 2011 жылдың 26 сәуіріндегі ПМ-нің ұсынған мәліметтері бойынша құқық қорғау органдары мен РФ ПМ ішкі әскерінің әскерілерімен бандылық топтардың мүшелері мен басшыларын, олардың көмекшілерін, жалпы лаңкестерді қолға түсіру бойынша, қару-жарақ сақталған жасырын қоймаларды анықтау бойынша арнайы операциялар өткізілді. Осындай шаралардың бірінде Грозный қаласында заңсыз қарулы құрылымдардың екі мүшесі қоршауға алынып, әскери қақтығыс нәтижесінде екеуі де өлтірілді.

24 сәуірде Солтүстік Кавказдық федералды округ (СКФО) бойынша РФ ПМ Бас Басқармасының бюро-2 оперативті-іздеу қызметкерлерімен алдын ала алынған ақпарат бойынша ішкі істер бөлімінің милиция қызметкерлерімен Урус-Мартан ауданының тұрғыны қолға түсірілді. Ол осы жылдың сәуірінен заңсыз қарулы құрылымдарға (ЗҚК) азық-түлік пен мобильді байланыс құралдарын алып беріп тұрғандығын мойындады.

Сонымен қатар, осы жылы Шешенстанның Курчалоев ауданының таулы-орманды жерлерінде оперативті-іздеу шаралары нәтижесінде ЗҚК екі мүшесі, соның ішінде Халед Юсеф Мухаммед Аль Эмират (Мауханнад) бандылық топтың жетекшісі өлтірілді. Лаңкестікпен күрес саласында ПМ-мен осы сияқты шаралар жасалуда. Сонымен қатар, көптеген оқу-жаттығулар да ұйымдастырылып жатыр [6].

Ішкі істер министрлігі мен Федералды қауіпсіздік қызметінен басқа лаңкестікпен Ресей Федерациясының сыртқы барлау қызметі, Ресей Федерациясының Федералды Қорғау қызметі, Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі, Ресей Федерациясының Қарулы күштері де өз құзыреттерінің шеңберінде күреседі.



Олардың қызметтеріне қысқаша тоқталатын болсақ, Ресей Федерациясының Сыртқы барлау қызметі Ресейден тыс жерлерде орналасқан РФ мекемелерінің, олардың қызметкерлері мен отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар шетелдік және халықаралық лаңкестік ұйымдар іс-әрекеттері жөнінде ақпарат жинайды.

Ал Ресей Федерациясының Федералды Қорғау қызметі мемлекеттік қорғау объектілерінің маңызды мүдделеріне төнуі мүмкін қауіпті болжайды және анықтайды, сол қауіптің алдын алу бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады; өз құзыреті шеңберінде президенттік байланыстың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді; өз құзыретінің шеңберінде лаңкестікпен күреседі; қорғаудағы объектілерді қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; қорғаудағы объектілердегі құқық бұзушылықтарды анықтайды, ескертеді және жолын кеседі.

Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі Ресей Федерациясының территориялды сулары мен әуе кеңістігінде лаңкестік актілер орын алған жағдайда күш пен қаражатты қолдануды дайындау мен қолдануды ұйымдастырады, РФ Қарулы күштері объектілерін лаңкестіктен қорғайды; әскери объектілерде және мемлекеттің қауіпсіздігіне масштабты лаңкестік қауіптер туындаған кезде контртеррористік операциялар жүргізілуіне қатысады.

Ресей Федерациясының Қарулы күштерінің әскери бөлімдері мен бөлімшелері әскери объектілерге лаңкестік шабуылдардың алдын алу мен ескерту бойынша шаралар өткізуге, қару-жарақ бар базалар мен арсеналдардың, әскери қалашықтар мен казармалардың қорғалуын күшейтуге, жауапкершілік зоналарын бақылауға, лаңкестік топтар мен ұйымдарға қарсы тұруды ұйымдастыруда басқа күштік құрылымдарға қолдау жасауға, жарылғыш заттарды табу және заласыздандыруға міндетті [4 67-68-б.].

Федералды антитеррористік комиссия лаңкестікпен күресті жүзеге асыратын субъектілердің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін үйлестіруші орган болып табылады.

Комиссия өз қызметін атқарушы биліктің федералды органдарымен РФ субъектілерінің атқарушы билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару, сонымен қатар мүдделі ұйымдармен әрекеттестікте жүзеге асырады.

Бүгінде Ресей Федерациясы субъектілерінде федералды округтерде антитеррористік комиссиялар және РФ субъектілерінде аймақтық антитеррористік комиссиялар құрылған. РФ

Президентінің федералды округтердегі өкілетті өкілдері және РФ субъектілерінің жетекшілері тиісінше, округтік және аймақтық анти-террористік комиссияларды басқарады.

Округтік және аймақтық антитеррористік комиссиялар терроризммен күресті жүзеге асыратын субъектілердің әрекеттестігін қамтамасыз ететін үйлестіруші орган болып табылады.

Комиссиялар федералды антитеррорлық комиссия, атқарушы билік федералды органдарының аумақтық бөлімшелерімен, РФ субъектісі мемлекеттік билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқа да мүдделі ведомстволар және ұйымдармен әрекеттеседі. Контртеррористік қызмет саласында сол кезде болған кемшіліктерді жою үшін және осы мәселеге қатысты мемлекеттік басқаруды жетілдіру үшін 2006 жылдың 6 наурызындағы «Лаңкестікке қарсы тұру туралы» Федералды заңға, сондай-ақ сол жылғы «Лаңкестікке қарсы тұру шаралары туралы» Ресей Федерациясының Жарлығына сәйкес, 2006 жылдың 10 наурызында Ұлттық Антитеррористік комитет құрылады. Аталмыш комитет атқарушы билік федералды органдарының, Ресей Федерациясының субъектілеріндегі антитеррористік комиссияларының іс-әрекеттерін координациялайды, олардың РФ субъектілерінің атқарушы билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, осы лаңкестікке қарсы тұру саласындағы қоғамдық бірлестіктер және ұйымдармен өзара ықпалдасуды ұйымдастырады. РФ субъектілерінде оперативті штабтар, ал аймақтарда антитеррористік комиссиялар жұмыс атқарады. Мемлекеттік құрылымдардың 17 өкілдерін біріктіріп, соның ішінде Федералды Қауіпсіздік Қызметі, Федералды Қорғау Қызметі, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, Ресей Көлік министрлігін жұмылдырып, Ұлттық антитеррористік комитет шын мәнінде, лаңкестікке қарсы тұратын ұжымдық құралға айналды [7].

Құрылған комитеттің ең маңызды жұмыс нәтижелеріне лаңкестікпен күрес саласында биліктің барлық тарауларының іс-әрекеттерінің тиімділігінің біршама артуы болып табылады.

Ұлттық антитеррористік комитеттің қызметі жайлы 2009 жылғы қорытындысына сәйкес, Ресей территориясындағы лаңкестік қауіптері әлі де Солтүстік Кавказдық федералды округінің (СКФО) бандылық құрылымдарымен және жасырын діни-экстремистік құрылымдарымен байланысты. Ресей Федерациясының субъекті-

лерінде лаңкестік шақыруларға күштік құрылымдармен және Оперативті штабтармен қарсы тұру мақсатында 2009 жылы СКФО-де 48 контр-террористік операциялар ұйымдастырылды. Әскери қарсылық көрсету кезінде 450 лаң салушылар өлтірілді. Оның ішінде, Солтүстік Кавказдағы Аль-Каида өкілдері Зия Пече (Абу – Зар) және «доктор Мұхаммед» ретінде танымал Хамдан бен Загнун; қылмыстық топтардың басшылары – Байсханов, Беков, Джаппуев, Дзорттов, Доткулов, Камалутдинов, Магомедов, Мансуров, Махаури, Мукожев, Мустапаев, Оздамиров, Осмаев, Саадулаев, Шейхулаев және басқалары болды.

Лаңкестік бағыттағы дайындалып жатқан 86 қылмыстардың жүзеге асуына жол берілмеді. Әскери жағдайға келтірілген 45 қысқартылған снайперлік мылтық табылып, залалсыздандырылды. Дағыстан Республикасында мектепті жаулап алудың алды алынып, Новгород облысында көпшілік салтанат ұйымдастыру жерінде жарылыстың орын алуын болдырмады. 810 бандылық құрылымдар мүшелері мен олардың көмекшілері, соның ішінде өздерін Мәскеу, Грозный, Махачкала қалаларында жармақшы болған 6 жанкешті ұсталды. 2009 жылы маусымында Ингушетия Республикасының президенті Ю.Б. Евкуровка ұйымдастырылған қастандық жасалды. Оны ұйымдастырған қылмыстық құрылымдар басшылары Дзорттов және Алиев тұтқындау кезіндегі әскери қақтығыс нәтижесінде өлімге алып келетін жарақаттар алды. 574 қару-жарақ сақтайтын құпия қоймалар, содырлардың базалары жойылды, 522 ықшамдалған снайперлік мылтық, 1736 атқыштар қаруы және 5,5 тонна жарылғыш заттар қолға түсірілді. Лаңкестік әрекеттен бас тартуға 92 тұлға көндірілді.

Лаңкестікпен күрестің ортақ мемлекеттік жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Ұлттық антитеррористік комитетпен маңызды мемлекеттік объектілердің лаңкестіктен қорғаныста болуын қамтамасыз ету, Солтүстік кавказдағы жағдайдың тұрақтандыру, заңсыз қару-жарақ, әскери оқ-дәрілермен және жарылғыш заттар айналымымен күресті жетілдіру, Ресейден тыс жерлердегі мекемелерде дағдарыстық штабтар құру және олардың қызметтерін ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша қосымша іс-шаралар жасалды. 2014 жылы Сочи қаласында өтетін XXII қысқы олимпиадалық ойындар мен XI паралимпиядалық қысқы ойындарға дайындық барысында анти-террористік қауіпсіздікті қамтамаыз ету, лаң-

кестікке ақпараттық қарсы тұруды іске қосу туралы шешімдер қабылданды.

Антитеррористік комиссиялар мен оперативті штабтар отырыстарында лаңкестіктің алдын алу туралы өзекті мәселелер қарастырылды. Осы мақсаттарда 2009 жылы Ресей Федерациясының 31 субъектінде аймақтық бағдарламалар бекітіліп, лаңкестік зардаптарын азайтуға бағдар алған арнайы шаралар жүзеге асырыла бастады.

Комитет лаңкестікке қарсы тұрудың күштік емес іс-шараларының басым болуының нәтижесінде, лаңкестік қауіптердің профилактикасы, Солтүстік кавказ халқының білім деңгейінің төмендеуі сияқты мәселелеріне үлкен көңіл бөледі.

2009 жылдың 5 қарашасында Ресей Федерациясының Президентімен РФ лаңкестікке қарсы тұру туралы Концепциясы бекітілді. Жалпы мемлекеттік лаңкестікке қарсы тұру жүйесін жетілдіруге бағытталған 15 нормативтік-құқықтық актілер қабылданды.

Транспорттық қауіпсіздік туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді. Ол бойынша тікелей Ресей Федерациясының Үкіметі транспорттық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты жұмыс тізімін белгілейді; транспорттық инфрақұрылым мен көліктік жабдықтар осалдығын бағалауды жүргізу үшін заңды тұлғаларды Аккредитациялау Ережелері бекітілді; көліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етумен тікелей байланысты әрекеттер тізімі бекітілді.

Ресей Федерациясының Үкіметінің 2009 жылдың 1 маусымынан жұмыс істейтін №458 «Таулы климаттық шипажай ретінде Сочи қаласының дамуы мен олимпиадалық объектілер құрылысы бағдарламасымен қарастырылған олимпиадалық объектілердің салынуы кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі» қаулы қабылданды.

Ресейдің Сыртқы істер министрлігінде Ахуалдық-дағдарыстық орталық құру туралы ұсыныстар жасалып, жүзеге асыру кезеңінде тұр. Жедел іс-әрекет ету, Орталықты уақытылы хабардар етілуін және жергілікті билік органдарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету үшін Ресей Федерациясының шетелдердегі барлық елшіліктер мен консулдықтарда ахуалдық топтар құрыла бастады. Қазіргі кезде Ресей Федерациясының СІМ мәліметтері бойынша осындай 150 топ құрылып қойған.

Сондай-ақ, ҰАК-ң лаңкестікпен күрес жолындағы басым міндеттеріне лаңкестік идеологиясының таралуына жол бермеу болып табылады. Осы сферадағы ең күрделі мәселе

аталмыш идеологияның Ғаламтор арқылы таралуы (оның себебі: кең аудиторияға мүмкіндік ашылады, байланыстың жасырын жүргізілуі, мәселенің мемлекеттік деңгейде нашар реттелуі, ақпаратты таратудың шапшаң жылдамдығы, үрдістің салыстырмалы түрде арзандылығы). ФҚК лаңкестік бағыттағы сайттар санының өсуіне қарсы күреседі. Соңғы 2 жыл ішінде ашық телекоммуникациялық желілерді лаңкестік және экстремистік мақсаттарда пайдаланудың 1300 фактісі анықталды.

Дәйекті түрде шетел мемлекеттерімен, олардың құқық қорғаушы органдарымен және арнайы қызметтерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен антитеррористік ынтымақтастық дамыды. 2009 жылы маусымда Екатеринбург қаласында өткен ШЫҰ саммитінде ресейлік тараппен ШЫҰ лаңкестікке қарсы конвенциясы мен Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастық туралы келісім сияқты антитеррористік бағыттағы маңызды бастамаларға қол қою ұсынылды. Лаңкестікке қарсы тұру сферасындағы жағдайды сараптау 2010 және алдағы жылдары лаңкестік қауіпі сақталады. Осыған байланысты ҰАК негізгі күш-жігері қайта құрылған Солтүстік кавказдық федералды округте антитеррористік іс-әрекеттерді координациялауды жетілдіру және тиімділігін арттыруға мақсатталған іс-шаралар кешеніне бағытталады. Сонымен қатар қылмыстық құрылымдарды бейтараптандыруға, қаржыландыру каналдарын анықтап, олардың жолын кесуге, қару-жарактың, соғыс оқ-дәрілерінің және жарылғыш заттардың келу жолдарын қиюға, қылмыстық топтардың және олардың астыртын желісін айқындауға үлкен көңіл бөлу жоспарланған.

Одан басқа Ресей Біріккен Ұлттар Ұйымының лаңкестікке қарсы 13 әмбебап конвенцияларын ратификациялағаны да халықаралық деңгейде онымен күресудің маңыздылығын дұрыс, әрі толыққанды түсінетіндігін көрсетеді. Ресей Федерациясы әлем мемлекеттерінің жаһандық лаңкестікке қарсы негізгі халықаралық-құқықтық инструменттеріне қатысудың әмбебаптылығына басым мән береді. Халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында Ұлттық антитеррористік комитеттің белсенді қатысуының нәтижесінде антитеррористік әрекеттерді қамтамасыз етудің бірыңғай мемлекетаралық ақпараттық жүйе – Лаңкестікке қарсы тұру бойынша Халықаралық банк құрылды [8].

Ресей Федерациясы ХХІ ғасырдың аса үлкен және демократиялық мемлекеті бола отырып, ең

алдымен, өз азаматтары мен елдің қауіпсіздігін алдыңғы өзекті мәселелер қатарына қосады. Мемлекет лаңкестіктің қазіргі кездегі қауіпінің масштабы мен оның елеулілігін жақсы түсініп отыр. Оған мемлекеттің аталмыш проблемамен күреске бағытталған ұдайы шығарылып, жаңарып отырған құқықтық-нормативтік базасы дәлел деп есептейміз. Алайда жай ғана заңдар қабылдап, оларға қол қою жеткіліксіз. Іс жүзіндегі оперативті іс-қимылдар қажеттілігі даусыз. Қоғам үшін, үкімет үшін лаң салушылықтың түп тамырымен жойып тастау, қазіргі кезде бірінші маңыздылыққа ие күрделі мақсат екені рас. Үкімет өз халқының сенімі мен үміттерін ақтау үшін, халық алдындағы беделін көтеру үшін, азаматтарын қорғай алатын қуатты мемлекет екендігін көрсету үшін осы мәселенің шешімін табу бірінші кезекте тұр десе болады.

Ресей Федерациясының лаңкестікпен күрес жүйесін егжей-тегжейлі қарастыра отырып, мемлекеттің және оған қауіп төндіріп отырған лаңкестіктің тек осы елге тән өзіндік спецификасын ескере отырып, РФ Президенті және құзыретті органдардың лаңкестікке қарсы тұрудың ерекше тәртібін қалыптастырғандығы айқындалды. Кез келген жүйе тиімді әрекет етуі үшін жүйе элементтерінің өзара дұрыс әрекеттесуі қажет. РФ лаңкестікке қарсы тұру жүйесінің элементтеріне Ресей территориясында лаңкестікпен күресу және оған қарсы тұру бойынша әрекет ететін барлық лауазымды тұлғалар мен құзыретті органдар, олардың іс-әрекеттерінің жиынтығы жатады. Ресейдің ПМ, ФҚК, НАК және басқа да маңызды субъектілері мен лаңкестікпен күрес бойынша негізгі құқықтық базасының тиімді әрекеттесуі біршама жетістіктерге қол жеткізуге әсерін тигізді. Оны лаңкестер операцияларының кесілуінен, лаң салушыларды тұтқындалуынан, қару-жарак пен есірткі заңсыз тасымаланың әшкереленуінен айқын байқауға болады. Дегенмен, лаңкестік әлі де өз позициясын нақты ұстап отырғандығы, РФ лаңкестік мәселесінің өткірлігі мен жүйені әлі де дамыту қажеттілігін көрсетеді.

1. Жатқанбаев Е.Б. Угрозы национальным интересам Казахстана. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004, 78-79 с.

2. Федеральный закон «О противодействии терроризму» от 6 марта 2006 года, [http://sos-ru.info/zakon/zakon\\_zakon\\_terrorizm35.shtml](http://sos-ru.info/zakon/zakon_zakon_terrorizm35.shtml)

3. Кравченко В.Ю. Аналитический вестник Совета Федерации ФС РФ. – № 15 (401). – 2010 г.

4. Вишняков Я.Д., Бондаренко Г.А., Васин С.Г., Грацианский Е.В. Основа противодействия терроризму. – Академия, 2006. – 65 с.

5. ФКК ресми сайты, <http://fsb.ru/>

6. РФ ПМ ресми сайты, <http://mvd.ru/>

7. О современной ситуации в сфере противодействия терроризму в России. <http://www.libex.ru/detail/book218337.html>

8. Об итогах деятельности Национального антитеррористического комитета в 2009 году, <http://nak.fsb.ru/nac/activity.htm>

\* \* \*

Данная статья рассматривает систему противодействия терроризму в Российской Федерации и ее особенности, а также анализирует функции субъектов по противодействию терроризму в государстве.

\* \* \*

This article considers the system of counteraction to terrorism in the Russian Federation and its feature. And also analyzes functions of subjects on counteractions to terrorism in the state.

*К.Н. Макашева, А. Аймагамбетова*

## КОНЦЕПЦИЯ “HEALTH SECURITY” И ВОПРОСЫ БЕЗОПАСНОСТИ В ОБЛАСТИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

В конце XX – начале XXI века наблюдаются важные изменения системы международных отношений: на второй план отошли проблема ядерной войны между сверхдержавами, угроза межгосударственных военных столкновений. Существенно меняется и характер проблем безопасности. Эти изменения коснулись как субъектов обеспечения безопасности, так и специфики самих проблем безопасности. Если раньше процессы в сфере международной безопасности увязывались прежде всего с государством как основным субъектом, то теперь этот подход уступил место новому взгляду: в концепциях национальной безопасности и внешнеполитических доктринах большинства государств речь идет об обеспечении безопасности личности (на первом месте), общества и государства и трактовка общественной безопасности обрела новые измерения, такие, как экономическая, экологическая, энергетическая, информационная, компьютерная безопасность и иные ее виды, связанные с развитием новых форм и сфер общественной деятельности [1]. Особенность современных подходов – это придание приоритетности интересам человека при рассмотрении темы безопасности. Причиной того, что на первый план выходят проблемы невоенного характера, является рост нетрадиционных акторов и политики секьюритизации. Изменение угроз приводит к реструктуризации всей концепции безопасности: субъекта (кто защищает), объекта (кого защищают) и методов ее обеспечения. То есть произошли определенные объективные изменения не только в том, какую безопасность и как необходимо обеспечивать в современном обществе, но и в том, кто выступает субъектом ее обеспечения. Помимо государственных орга-

нов, государства как актора международной системы, существенную роль стали играть негосударственные субъекты и акторы международных отношений (неправительственные организации, общественные движения, национальный бизнес и транснациональные корпорации, финансовые и торговые структуры и пр.), а также межгосударственные организации и объединения.

Понятие безопасности представляет собой весьма сложное социально-политическое явление, охватывающее многие стороны жизни. В самом общем виде безопасность – это состояние или положение когда нет опасности. Однако такого состояния достичь ни отдельному человеку, ни различным видам его сообщества пока не удавалось. Теоретически можно выделить два вида безопасности: гипотетическое отсутствие опасности, самой возможности каких-либо потрясений, катаклизмов для социума (социальной общности или отдельной личности, социальной системы); реальная защищенность от опасностей, способность надежно противостоять им. Несмотря на широкий плюрализм теорий в этой области, существует и некий консенсус в понимании того, что такое «безопасность». Так или иначе, но во множестве определений термина «безопасность» сегодня можно выделить некое общее содержание: безопасность – это отсутствие (или свобода) от угроз фундаментальным ценностям индивидов и групп людей.

Новые вызовы безопасности – терроризм, проблемы окружающей среды, рост бедности и разрыва между Севером и Югом – поставили перед экспертным сообществом, политиками и международными организациями вопрос о разработке инструментов решения глобальных проблем. В